



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТИ
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

«Заңғар жазушы - Мұхтар Әуезов»

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе - 2022



**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті**

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

«Заңғар жазушы – Мұхтар Әуезов»

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2022

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Ә 93

Әуезов Мұхтар Омарханұлының 125 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2022. – 35 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үнділер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түркімендер үшін – Мақтымқұлы, әзербайжандар үшін – Низами, қазақтар үшін әрине – Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлiгiн ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетiнiң алыбы.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов ұлт әдебиетiнiң алтын ғасырының бастауында тұр. Ол қазақ өркениетiнiң жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйiндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңiз бiлiм дариясының кемеңгерi әрi ұлы қайраткерi.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен туындылары және шығармашылығы жайлы мәліметтерді жинап библиографиялық көрсеткіште әдебиеттер тізімін ұсынамыз.

Көрсеткіште ақын шығармасын зерттеуге арналған еңбектер және ақынның өмірі мен шығармашылығы жайындағы жалпы әдебиеттер, естеліктер мен көркем туындылардың әдебиеттер тізімі берілген.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1897 жыл, 28 қыркүйек-Семей облысы Шыңғыс ауданының Қасқабұлақ ауылында дүниеге келді.

1908 жыл-Медреседе, Семей қаласындағы орыс мектебінің даярлық курстарында оқыды.

1909-1914-Семей қалалық бесжылдық училищесінде оқыды.

1915-1919 -Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясында оқыды.

1917-әдеби-театр дебюті, «Еңлік-Кебек» пьесасының қойылымы.

1918, 5-13 мамыр-Қазақ жастарының Омбыда өткен жалпы құрылтайында атқарушы комитеттің мүшелігіне сайланды.

Ж.Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарды.

1919-1920 - Семей губревкомы төрағасының орынбасары, содан кейін төрағасы.

1920, қараша-1921, мамыр-Семей ОАК қазақ бөлімшесін басқарды.

1921-Семей облревкомының қызметкері, қараша айынан саяси хатшы-Қаз АССР ОАК президумының мүшесі.

1922 – Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің студенті. «Еңлік-Кебек» пьесасы, «Қорғансыздың күні» әңгімесі жарияланды.

1923-1928-Ленинград мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» пьесалары, «Қилы заман» повесі, «Қазақ әдебиетінің тарихы» ғылыми-зерттеу еңбегі жарық көрді.

1924-1925 - Семей, содан кейін педагогикалық техникумдарда сабақ беріп, «Таң» журналын шығарды.

1927 - «Қараш-қараш оқиғасы» повесі.

1928-Орта Азия мемлекеттік университетінің аспиранты.

1927-1928-Абайдың жазба мұрасын баспаға дайындау және жариялау.

1929-«Көксерек» повесі.

1930, 17 қыркүйек - Кеңес өкіметіне қарсы астыртын күресті ұйымдастыруға және оны құлату мақсатында қарулы көтеріліс дайындауға, «Алқа» ұлттық буржуазиялық ұйымға қатысқаны үшін айып тағылып, тұтқындалды.

1932, сәуір -үкім. Шартты түрде үш жылға бас бостандығынан айыру.

1934-1961 - Қазақтың мемлекеттік С.М.Киров атындағы университеттегі оқытушылық қызметі.

1942- «Абай» романының бірінші кітабы.

1945- «Қобыланды» пьесасы.

1946-Қаз ССР Ғылым академиясына сайлануы.

1946- «Абай» туралы екінші кітабы.

1949-«Абай» романы үшін 1 дәрежелі Сталиндік сыйлық берілді.

1950- «Абай» романының үшінші кітабы.

1951-1954- Қудалаудың екінші толқыны, «буржуазиялық ұлтшылдық» айыбын көпшілік алдында тағу.

1953-1954 - МГУ филология факультеті КСРО халықтар әдебиеті кафедрасының профессоры.

1954-Алматыға оралуы. «Абай жолы» роман-эпопеясын аяқтау.

1955-1960 - Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне сайлануы, мәдениет қайраткерлері делегациясының құрамында

шетелдерге сапарға шығуы (Үндістан, Чехословакия, Жапония, ГДР, АҚШ және т.б.).

1956- «Түркістан солай туған» очерктер жинағы.

1959-«Абай жолы» эпопеясы үшін Лениндік сыйлық берілді.

1960-«Өскен өркен» романын жазуға кірісті.

1961, 27 маусым-операция кезінде жүрегі тоқтады.

1961, 1 шілде-Алматыда жерленді.

МҰХТАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕР.

- Ой да көп, уайым да көп – ойлай берсең, Ой да жоқ, уайым да жоқ – ойнай берсең.
- Маңына ұрық шашпаған жақсылық жапанда жалғыз өскен бәйтерекше тұл болады да қалады.
- Өнерпаз болсаң, өр бол.
- Бөрінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді.
- Білім – бақтың жібермейтін қазығы, Білімсіз бақ – әлдекімнің азығы.
- Көген көз қазағыма қаратып, мінбе құрып, сол мінбеге шығарып: “Ақырғы діліңізді айтыңызшы, Мұхтар!” – десе, тілімнің ұшында жүрген сөз төмендегіше: тас үгітіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, дүниеде өлмейтін сөз ғана, халқымызбен

бірге жасасып келе жатқан мұра сөзімізді арзандатып алмайық.

- Жігіт қадірі өнерімен өлшенер.
- Жалған намыс – қасиет емес, ар сақтаған – қасиет.
- Берекені көктен тілеме, еткен еңбектен тіле.
- Еңбек шыққан жерден төзім де шығады.
- Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен.
- Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек, одан соң – тәртіп керек.
- Азамат сыны – ерлік, ерлік сыны – елдік.
- Адам көркі – ақыл.
- Жігітті жылы сөз ширатпайды, қатты сын ширатады.
- Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана – шын мәнінде қымбат табыс.
- Адам ірілігі бір сипат емес, ішкі-тысқы сан сипат қасиеттерінен құралады.
- Адам баласының жасан құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасында көрген үлгі-өнегесінен.
- Тумай жатып – толдым деме, толмай жатып – болдым деме.
- Қызғаныш – құрт ауруы, мыс қазанда қайнайтын азап оты.

- Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім.
- Адамшылықты тез жүргізу үшін көп ой керек, ойлау үшін оқу керек.
- Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.
- Жауға – жалынба, досқа – тарылма.
- Амал: кіжіну бар, килігу жоқ.
- Қол жетпес шыңыраудағы су болғанша, пайдасы көпке тиетін жайдақ су болған жақсы.
- Қыл өтпестей татулықты бір ашуға сатпас болар.
- Тамыр болдың – айтыс жоқ, Қолдан бердің – қайтыс жоқ.
- Аузымен айды алып, қолымен қосаяқ соға алмайтын жандар бар.
- Көбікті толқын санама.
- Әділет тілесе – атаңның болсын айыбын айт.
- Бас асауға – жез ноқта.
- Кісінің бір ғайыбын маған айтқан адам – менің жүз ғайыбымды кісіге айтар.
- Сын – шын болсын, шын сын болсын.
- Іздессең – табарсың, алыссаң – аларсың.
- Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры

сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса,
жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ ОРАМДЫ ОЙЛАР

Дінмұхамед ҚОНАЕВ:

Біз үшін Абай қандай болса, Мұхаң да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абыройлы борышы.

Қаныш СӘТБАЕВ:

Осынау нағыз кемел шығарманың авторы – дарынды жазушы ғана емес, талғампаз зерттеуші де болды, ол өзінің творчестволық талай жылдарын ұлы гуманист ақын Абайдың өмір кезеңдерін талмай зерттеуге, жалықпай жинауға, сан салалы ұланғайыр фактілерден біртұтас көркем тұлға жасауға бағыштады. Ұлы ақынның тұсындағы адамдарды барлап, ол өмір кешкен тұтас бір дәуірді зерттеді. Міне, осындай қажырлы да шабытты еңбектің жемісі болып – көркемдіктің барша қасиет-сырын бойына жинаған ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ елінің өмір тіршілігі мен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін «Абай» романы туды.

Әлкей МАРҒҰЛАН:

Шоқаннан кейінгі қазақ халқынан шыққан аса білімді, аса зиялы, аса сезгіш, аса ойшыл кісі Мұхтар деуге болады. Мұхаң дүние тану жағынан, ой-сезімінің парасаттылығынан ешкімге жеткізетін кісі емес.

Шыңғыс АЙТМАТОВ:

Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – Мұхтар Әуезов. Мен қазақпын ба, қырғызбын ба? Мұны білгісі келгендерге мен Манас жөнін, Мұхтар Әуезов жайын айтып берем. Бұл екеуі – менің қандас халықтарымның мерейі, осы екеуіне иек артсам болғаны, жат жұрт арасында жалым күдірейіп шыға келеді.

Әбіш КЕКІЛБАЕВ:

Ұлы тұлғаның уақыт аласарта алмайды. Әуезов бейнесі осыған куә. Келер ғасырда да кемелдене беретін кеменгер М.Әуезов – тек сіз бен біздің ғана емес, әлі дүниеге келмеген жаңа ұрпақтардың да сарқылмас игілігі, өлшеусіз бақыты.

Сәбит ДОСАНОВ:

Құдыретті талант Мұхтар Әуезовтің кемел ойлы кеменгер туындыларының жарығы әлем әдебиетіне нұр шұғыласын төгіп тұр. Тас төбеден құйылған сол сәулеге шомылған, кеменгерлік пен ғұламалықтан нәр алған Мұстай Кәрім, Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов, Евгений Евтушенко, Римма Казакова, Анар, Момын Каноат, Герман Кант, Робель, Пауло Куэло, Алекс ла Гума сынды сан елдің саңлақтары бұл күнде әлем әдебиетіне үлкен олжа салған әлемдік деңгейдегі тұлғалар. Кеменгердің жарығы ойын оятқан, санасына сәуле құйған оқырман саны мың емес, миллиондармен өлшенсе керек.

Кеменгер жарығы әлемге ортақ!

Ол аспандағы Ай мен Күндей әлемге үнсіз сәуле шашып тұр!

Александр ФАДЕЕВ:

Мәселен, патша үстемдігі тұсында халқының бір жарым проценті ғана сауатты болған қазақ әдебиетінде қазір небір тамаша романдар туды. Солардың бірі – өткен ғасырда өмір сүрген, қазақ халқының классик ақыны туралы Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы.

Николай ТИХОНОВ:

Ол адамдық болмыстың бар байлығын бойына жинаған, қылық-мінезі өнерлік қуатқа толы, қаншама қиын мәселелерді талқылап шешерде де ағынан жарылған ашық, бүкпесіз еркін адам еді. Әрдайым бірге болып, өзінің асыл ойларын ортаға сап, пікірлесіп отыратындай сол жанның орны толмай тұрғаны сезіледі. Біздің әдебиетіміздің алдыңғы қатарлы адамы, мәдениетіміздің аса көрнекті қайраткері, совет әдебиетінің қиын да қызықты, жеңісті ұзақ жолдарын бір кешкен аяулы досымыз Мұхтар Омарханұлынан айрылды.

Константин ФЕДИН:

Мен жас кезімде Қазақстанның даласында тұрдым да, сол кездегі көшпенді қазақтарды көп көрдім, алайда тек Мұхтар Әуезов қана өзінің «Абайымен», менің қазақ халқы туралы білігімді толықтырды, мен енді ғана хош иісті самал ескен даланың жұпар ауасын жұтып, қазақ боп кеткен тәріздімін.

Николай ПОГОДИН:

Әуезов ешнәрсені мадақтамайды да, дәріптемейді, алайда қараңыздаршы, оның байсалды қаламынан қандай құдіретті картина туған! Жырлай білу – қошаметшіл өлең

мен жылымшы мақтау емес. «Абай жолы» – сұсты шығарма. Ендеше, бұл шығарманың қазақтарды даңққа бөлегені қалай? Мұндай сұрауға жауап беру барынша қиынақ. Біз шешілмеген жұмбақ сырды сүйеміз, тіпті, осы сөздің өзін жатырқаймыз, алайда барлық өнер атаулыда – әдебиеттегі Александр Твардовскийден бастап, музыка әлеміндегі Святослав Рихтерге дейін – біз біле бермейтін, тіпті ең ақылды деген кибернетикалық машина бөлшектеп бере алмайтын нәрселер бар. Қалай болған күнде де, әдеби шығарма М. Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесіндей шалқар шабытпен жазылатын болса, ол шығарма өмірді мадақтайды да дәріптейді. «Абай жолы» нақ осындай шығарма.

Всеволод ИВАНОВ:

Бұл аса зор мәдени құбылыс, мен оны ұлы туынды деуден тартынбаймын. Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы – қазақ халқы мәдениетінің қарыштап өскендігін ғана емес, сонымен бірге, жазушының мол тамаша роман тудыруы, біріне-бірі мүлде ұқсамайтын сан алуан бейнелерді мүсіндеп, ха-лық бұқарасы қозғалысын суреттейтін үлкен полотно жасауы, адамгершілікке, адамды қадірлеуге үндейтін роман жазуы оның өзінің де өскендігінің, өнерінің де үдей түскендігінің айғағы.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1950

1. Әуезов М.

Ақын аға: Роман / М. Әуезов. – Алма-Ата: Көркем әдебиет баспасы, 1950. – 348 бет.

1956

2. Әуезов М.

"Түркстан" солай туған: Директор туралы очерк / М. Әуезов. – Алма-Ата: Көркем әдебиет баспасы, 1956. - 84 бет.

1959

3. Әуезов М.

Әр жылдар ойлары. Мысли разных лет. Қазақша және орысша жазылған зерттеулер, мақалалар / М. Әуезов. – Алма-Ата: Көркем әдебиет, 1959. - 555 бет.

1961

4. Кеселді кескіндер: Атеистік шығармалардың жинағы / сост. С. Сеитов. – Алма-Ата: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. - 268 бет.

1962

5. Әуезов М.

Уақыт және әдебиет / М. Әуезов. – Алма-Ата: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. - 426 бет.

1965

6. Нұрқатов А.

Мұхтар Әуезов творчествосы: мақалалар / А. Нұрқатов. – Алма-Ата: Жазушы, 1965. - 399 бет.

1967

7. Әуезов М.

Шығармалар: Том 1. Повесть, әңгімелер / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 308 бет.

8. Әуезов М.

Шығармалар: Том 2. Повестер, очерктер / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 488 бет.

9. Әуезов М.

Шығармалар: Том 3. Очерктер. Өскен өркен / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. - 404 бет.

1968

10. Әуезов М.

Шығармалар: Том 4. Абай жолы / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 400 бет.

11. Әуезов М.

Шығармалар: Том 5. Абай жолы / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 480 бет.

12. Әуезов М.

Шығармалар. 12 томдық: 6 том: Абай жолы / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 440 бет.

13. Әуезов М.

Шығармалар. 12 томдық: 7 том: Абай жолы / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 399 бет.

14. Тургенев И.С.

Дворян ұясы: Таңдаулы шығарма / Аударған М. Әуезов. - 2-ші басылуы. - Алматы: Жазушы, 1968. - 146 бет.

15. Шарипов А.

Творчество Жумагали Саина. литературные очерки и статьи / А. Шарипов. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. - 162 с.

1969

16. Ауэзова Л.М.

Исторические основы эпопеи "Путь Абая" / Лейля Мухтаровна Ауэзова. – Алма-Ата: Наука, 1969. - 315 с.

17. Әуезов М.

Шығармалар: Том.5. Абай жолы 2-кітап / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 440 бет.

18. Әуезов М.

Шығармалар: Том 8. Пьесалар / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 480 бет.

19. Әуезов М.

Шығармалар: Том 9. Пьесалар / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 528 бет.

20. Әуезов М.

Шығармалар: Том 10. Пьесалар / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 508 бет.

21. Әуезов М.

Шығармалар: Том 11. Мақалалар, зерттеулер / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 379 бет.

22. Әуезов М.

Шығармалар: Том 12. Мақалалар, зерттеулер / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1969. - 536 бет.

1971

23. История казахская литература. - АлмаАта: Наука , 1971. - 799 с.

24. Ыдырысов Р.

Отты жылдар шежіресі / Р. Ыдырысов. - Алматы: Қазақстан, 1971. - 149 бет.

1973

25. Сыздықов Қ.

Мұхтар Әуезов әдебиет сыншысы / Қ. Сыздықов. – Алма-Ата, 1973. - 143 бет.

1975

26. Әуезов М.

Қилы заман: Повестер мен әңгімелер / М. Әуезов. - Алматы: Жазушы, 1975. - 384 бет.

27. Мүсрепов Ғ.

Бес томдық шығармалар жинағы: Әдеби-сын еңбектері. Т.4: Суреткер парызы / Ғ. Мүсрепов. - Алматы: Жазушы, 1975. - 556 бет.

1977

28. Әуезова Л.М.

М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары: Жоғары оқу орындарының студенттеріне көмекші құрал / Л.М. Әуезова. - Алматы: Мектеп, 1977. - 272 бет.

1979

29. Әуезов М.

Қилы заман: Повестер мен әңгімелер / М. Әуезов. - Алматы: Жазушы, 1979. - 384 бет.

1981

30. Әбілев Д.

Ой толғауы: Естеліктер / Дихан Әбілев. - Алма-Ата: Жалын, 1981. - 240 бет.

1984

31. Сац Н.

Новеллы моей жизни. Книга вторая: биография отдельного лица / Н. Сац. - М.: Искусство, 1984. - 384 с. : ил.портр.

1985

32. Әуезов М.

Шығармалар: Том 19. Зерттеулер, мақалалар / М. Әуезов. - Алматы: Жазушы, 1985. - 495 бет.

33. Нұршайықов Ә.

Екі естелік: М. Әуезов пен С. Мұқанов туралы хикая, эсселер / Ә. Нұршайықов. - Алматы: Жалын, 1985. - 176 бет.

1986

34. Сөзстан: жинақ. - Алматы: Жалын , 1986. - 216 б.

1989

35. Ауезов Мухтар и современная литература: материалы юбилейных торжеств, посвященных 90-х летию Ауезова М.О. - Алма-Ата: Наука Каз.ССР, 1989. - 352 с.

36. Әуезов М.

Абай жолы. Роман-эпопея: 1 кітап. Абай / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. - 608 бет.

37. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея: 2 кітап. Абай жолы / М. Әуезов. – Алма-Ата: Жазушы, 1989. - 616 бет.

1991

38. Әуезов М.

Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған / М. Әуезов. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 бет.

39. Дәдебаев Ж.

Мұхтар Әуезов / Ж. Дәдебаев. - Алматы: Рауан, 1991. - 88 бет.

40. Өмір іздері: Жинақ / Құраст.: Қ.Батпенов. - Алматы: Қайнар, 1991. - 576 бет.

41. Тайжанов А.Т.

Ауезов М.О.- мыслитель. / А.Т. Тайжанов. - Алматы: Ғылым, 1991. - 250 с.

1992

42. Кунаев Д.

Ауезов Мухтар и русская литература / Д. Кунаев. - Алматы: Рауан, 1992. - 98 с.

1993

43. Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары. - Алматы, 1993. - 112 бет.

44. Тайжанов А.Т.

Мұхтар Әуезовтің педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны: Оқу-методикалық құрал / А.Т. Тайжанов. - Алматы, 1993. - 178 бет.

1994

45. Әуезов М.

Кінәмшіл бойжеткен / М. Әуезов. - Алматы: Жалын, 1994. - 368 бет.

46. Әуезов М.

Абайтану дәрістері: (нашия, баяндама, ой-пікір, сын рецензия) / М. Әуезов. - Алматы: Рауан, 1994. - 160 бет.

47. Мырзахметулы М.

Восхождение Мухтара Ауезова к Абаю: Монография / М. Мырзахметулы. - Алматы: Санат, 1994. - 320 с.

48. Оразалин К

Абай ауылына саяхат / К Оразалин. - Алматы: Жалын, 1994. - 288 б.

1995

49. Әуезов М.

Абай Құнанбаев: Монографиялық зерттеулер мен мақалалар / М. Әуезов. - Алматы: Санат, 1995. - 320 бет.

50. Тайжанов А.Т.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының дүниетанымдық өзектері / А. Тайжанов. - Алматы: РБК, 1995. - 190 бет.

1996

51. Мырзахметұлы М.

Әуезов және Абай / М. Мырзахметұлы. - Алматы: Қазақстан, 1996 – 215 бет.

1997

52. Ахметов З.

Роман- эпопея Ауезова Мухтара: Учебное пособие / З. - Алматы: Санат, 1997. - 288 с.

53. М. Ауэзов в воспоминаниях современников / сост. Л.М. Азэзова. - Алматы: Жазушы, 1997. - 432 с.

54. Әкімов Т.

Даналық мәйегі: Мұхтар Әуезов туралы деректер / Т. Әкімов. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 189 бет.

55. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея.: 1 кітап. / М. Әуезов. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 320 бет.

56. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея. 2-кітап. Абай / М. Әуезов. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 352 бет.

57. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея: 3-кітап / М. Әуезов. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 320 бет.

58. Әуезов М.

Абай жолы. Роман-эпопея: 4-кітап: Абай жолы / М. Әуезов. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 336 бет.

59. Әуезов М.

Абайды білмек парыз ойлы жасқа: Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы / М. Әуезов. - Алматы: Санат, 1997. - 416 с.

60. Әуезов М.

Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы / М. Әуезов. - Алматы: Санат, 1997. - 448 бет.

61. Әуезов М.

Әдебиет туралы. О литературе: Оқу құралы / М. Әуезов. - Алматы: Санат, 1997. - 304 бет.

62. Қабдол З.

Әуезов / З. Қабдол. - Алматы: Санат, 1997. - 352 бет.

63. Молдаханов Ә.

Мұхтар Әуезов - фольклортанушы: / Ә. Молдаханов. - Алматы: Ғылым, 1997. - 152 бет.

64. Нұрғали Р.

Әуезов және алаш: Әдебиеттегі ұлттық рух. Көмекші оқу құралы / Р. Нұрғали. - Алматы: Санат, 1997. - 432 б.

65. Тайжанов А.Т.

Мировоззрение Мухтара Ауэзова. / А.Т. Тайжанов. - Алматы: Ғылым, 1997. - 224с.

1998

66. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 3: Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар 1921-1929 / М. Әуезов. - Алматы: Ғылым, 1998. - 392 бет.

67. Қозыбаев М.Қ.

Тарих зердесі: Том 2: Арыстар тұғыры / М.Қ. Қозыбаев. - Алматы: Ғылым, 1998. - 280 бет.

68. Тайжанов А.Т.

Мұхтар Әуезов профессор Қ.Жұбановтың қазақ халқының қоғамдық ойы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі туралы / А.Т. Тайжанов // Жұбанов тағылымы. Қ. Жұбановтың 100 жылдығына қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша өткен Республикалық "Жұбанов тағылымы" конференцияларының материалдары(1989,1994,1996жж.). - 1998. - С. 99-103 бет.

1999

69. Мұхтар Әуезовтің шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлер: (оқу құралы). - Ақтобе, 1999. - 128 бет.

2002

70. Ахетов М.Қ.

М.Әуезов драматургиясындағы шешендік дәстүр: Автореферат. 10.01.02 - қазақ әдебиеті / М.Қ. Ахетов. - Алматы, 2002. - 28 бет.

71. Әуезов М.

Абай жолы. Бірінші кітап: Роман-эпопея / М. Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2002; 2013. - 376 бет.

72. Әуезов М.

Қорғансыздың күні: Әңгімелер, повестер / Құраст.: Н. Ақбай. - Алматы: Атамұра, 2002. - 432 бет.

73. Картаева А.М.

Абай мұрасы Әуезов шығармашылығында ("Абай жолы" роман-эпопеясы негізінде): Автореферат. 10.01.02 - қазақ әдебиеті / А.М. Картаева. - Алматы, 2002. - 26 бет.

2004

74. Болсынбаева А.Ж.

М. Әуезовтің "Қараш-Қараш оқиғасы" повесі: шығармашылық тарихы мен текстологиясы: Автореферат. 10.01.02 - қазақ әдебиеті / А.Ж. Болсынбаева. - Алматы, 2004. - 30 бет.

2005

75. М.О. Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш. Библиографический указатель по творчеству М.О. Ауэзова / Құраст. Л.М. Ауэзова, М.Божеев, Б. Сахариев. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 576 бет.

76. Әдеби өмір шежіресі: Қазақстан Жазушылар одағының 70 жылдығына арналған жинақ. - құраст/ Ә. Нарымбетов. - Алматы: Ана тілі баспасы ЖШС, 2005. - 488 бет.

77. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы: Том 19: мақалалар, очерк, сценарийлер 1942-1945 / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 400 бет.

78. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы: Том 20: Мақалалар, очерктер, пьесалар 1927-1943 / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 400 бет.

79. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 21 / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 384 бет.

80. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 22 т. Абай жолы. Бірінші кітап: Роман-эпопея / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 424 бет.

81. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 23 -т. Абай жолы. Екінші кітап: Роман-эпопея / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2005. - 480 бет.

82. Молдаханов Ә.

Әуезов және фольклор: Монография / Ә. Молдаханов. - Алматы: Дәуір, 2005. - 247 бет.

83. Рәш М.

Мен айтпай, сірә кім айтар...: естелік-эссе / М. Рәш. - Алматы: Елорда, 2005. - 248 бет.

84. Ұлылар мекені - В краю великом...: краткий экскурс по памятным местам Абая и М. Ауэзова. - Астана: Елорда, 2005. - 20 стр.

2006

85. Алдабек Н.

М.О. Әуезов және ұлт-азаттық идея: Оқу құралы / Н. Алдабек. - Алматы: Қазақ әдебиеті, 2006. - 136 бет.

86. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап.: Абай / М. Әуезов.
- Алматы: Жазушы, 2006; 2013. - 432 бет.

87. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея. Үшінші кітап.: Абай жолы / М.
Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2006; 2013. - 384 бет.

88. Әуезов М.

Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап.: Абай жолы / М.
Әуезов. - Алматы: Жазушы, 2006; 2013. - 400 бет.

2007

89. Ауезов М.

Нет такой буквы в древнетюркском алфавите / М. Ауезов //
Деловая неделя. - 2007. - №13. - 6 апреля.

90. Мақпырұлы С.

Қазақ әдебиеті: оқулық. 2 бөлім / С. Мақпырұлы, Т.
Сыдықов. - Алматы: Фолиант, 2007. – 256 бет.

2008

91. Жуминова А.Б.

Параметры концепта дорога в рассказе М.Ауезова
"Сиротская доля" / А.Б. Жуминова // Ментальділіктің
тілдегі көрінісі. Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары 28 қараша.1 том. - 2008. - 284-
289 бет.

92. Султанғалиева Ж.С.

М.Әуезовтың "Қилы заман" повесіндегі патриотизм
нышандары / Ж.С. Султанғалиева // Ақтөбе мемлекеттік

педагогикалық институтының хабаршысы. - 2008. - №3. - 97-101 бет.

93. Тәңірбергенова Г.К.

М.Әуезовтің "Көксерек" повесіндегі табиғат пен адам болмысындағы ұқсастықтар / Г.К. Тәңірбергенова // Ментальділіктің тілдегі көрінісі. Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары 2 том. - 2008. - 28 қараша. 68-73 бет.

2009

94. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 36 / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2009. - 408 бет.

95. Әуезов М.

Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 37 / М. Әуезов. - Алматы: Жібек жолы, 2009. - 432 бет.

96. Елеусінова Г.Е.

Терең ой-өркениетке бастаудың алғы шарты (Мұхтар Әуезов шығармаларындағы педагогикалық ойларды оқыту үрдісінде қолдану тәжірибесінен) / Г.Е. Елеусінова, Э.А. Капина // Білім мен тәрбие беру үдерісіндегі этномәдени құндылықтардың ролі мен маңызы Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - 2009. - 26 қараша. 294-297 бет.

97. Итеғұлова С.

М.Әуезов шығармашылығы және фольклорлық дәстүр / С. Итеғұлова // Ұлт тағылымы. - 2009. - №1. - 292-293 бет.

98. Садырбайұлы С.

Сөз асылы сөзде / С. Садырбайұлы. - Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 292 бет: суретті.

99. Сұлтанова Н.К.

Құнанбаев А., Құдайбердиев Ш., Әуезов М. шығармаларындағы педагогикалық идеялардың сабақтастығы [Электронный ресурс]: монография / Н.К. Сұлтанова. - Электрон. текстовые дан. - Семей: СМПИ, 2009.

2010

100. Асанов Ж.А.

"Едіге" эпосы-ел тұтастығының аманаты / Ж. Асанов // Абай. - 2010. - №1-. 54-56 бет.

101. Нұрахметұлы И.

Әлкей Марғұлан-фольклорист / И. Нұрахметұлы // Білімдегі жаңалықтар. - 2010. - Ст. №2. - 41-45 бет.

102. Мырзахметұлы М.М.

Абайтану: 1-кітап / М.М. Мырзахметұлы. - Астана: Деловой Мир Астана, 2010. - 554 бет.

103. Мырзахметұлы М.

Абайтану: 2-кітап / М. Мырзахметұлы. - Астана: Деловой Мир Астана, 2010. - 526 бет.

104. Рахымжанов К.Т.

М.Әуезов драматургиясы: өмір шындығы және көркемдік шешім: Автореферат. 10.01.02 - Қазақ әдебиеті / К.Т. Рахымжанов. - Алматы, 2010. - 24 бет.

105. Ханкей Е.

М.О. Әуезов прозасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік (1920-30 жылдар): Автореферат. 10.01.02 - қазақ әдебиеті / Е. Ханкей. - Алматы, 2010. - 24 бет.

106. Хасан С.

"Абай жолының" қалай жазылғандығын ұлы Әуезовтің өз аузынан естідім. / Ш. Елеукенов // Ақиқат. - 2010. - №1. - 49-57 бет.

2011

107. Әуезов М.

Абай жолы [Электронный ресурс]: роман-эпопея / М. Әуезов. - Электрон. текстовые дан. - Алматы: Жазушы, 2011

108. Қазақ балалар әдебиетінің классикалық үлгілері. Бес томдық. 3 том: Повестер / Құраст. Г. Орда. - Алматы: Арда, 2011. - 368 бет.

109. Молдаханов Ә.

Абай, Шәкәрім, Әуезов дәрістері: оқулық / Ә. Молдаханов. - Алматы: Дәуір, 2011. - 192 бет.

110. Сұлтанов Ө.

М.Әуезов және спорт өнері. Футбол ойыны қазақ даласына қалай келді? / Ө. Сұлтанов // Жас спортшы. - 2011. - №1. 8-9 бет.

2012

111. Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. XX ғасыр. Ғұламалар тағылымы: Оқу-әдістемелік құрал / Құраст.: А. М. Сарбаева. - Көкшетау : Келешек-2030, 2012. - 204 бет.

2013

112. Даму белестері: Бұл кітапта М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің 70 жылдық тарихы жайында. - Шымкент: Жебе баспаханасы, 2013. - 376 бет.

113. Жұртбай. Т.
Бегім. / Т. Жұртбай. // Абай. - 2013. - №4. -105-122 бет.

114. Нысанбаев Ә.
Ғылым тарихы және философиясы: Оқу құралы / Ә. Нысанбаев. - Алматы: Эверо, 2013. - 164 бет.

2014

115. Әуезов М.
Шығармалар жинағы / М. Әуезов. - Алматы: Өлке баспасы, 2014. - 384 бет.

116. Иванов. В.
Сонда Мұхтар айтқан еді. / В. Иванов. // Жұлдыз журналы. - 2014. - № 5. - 197-200 бет.

117. Иванов. В.
Сонда Мұхтар айтқан еді... / В. Иванов. // Жұлдыз журналы. - 2014. - № 6. - 197-198 бет.

118. Кушкимбаева А.С.
М.Әуезовтің "Хан Кене" пьесасындағы ішкі коммуникацияның белгілері мен сигналдары / А.С. Кушкимбаева // Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 25 сәуір 2014 жыл. - Сборник материалов международной научно-теоретической

конференции "Полиязычие и диалог культур". 25 апреля 2014 года. - 2014. - 255-258 бет.

119. Мырзахметұлы М.

Абайтану: 1-кітап / М. Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. - Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 432 бет.

120. Мырзахметұлы М.

Абайтану: 2-кітап / М. Мырзахметұлы. - өңд., толықт. 2-ші бас. - Астана: Interactiv Kazakhstan, 2014. - 524 бет.

2016

121. Кушкимбаева А.С.

Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы: Монография / А.С. Кушкимбаева. - Ақтөбе: Колибри; Алматы: Medet Group, 2016, 2021. - 204 бет; 198 бет.

2017

122. Абайтану. ХХІ том.: таңдамалы еңбектер / ред. Ж. Дәдебаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 290 бет.

123. Абайтану. ХХІІІ том.: таңдамалы еңбектер / ред. Ж. Дәдебаев. - Алматы.: Қазақ университеті, 2017. - 274 бет.

124. Әл-Карени (Каренов) Р.

Ғажап талант иесі Әуезовтың адамзат мәдениетінің асқар шыңына көтерілуі / Р. Әл-Карени (Каренов) // Ақиқат. - 2017. - №: 11. – 163 бет.

125. Байменова Б.С.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының педагогикалық ой-пікірлері: Оқу құралы / Б.С. Байменова. -

2-ші бас., қайта қараст. және толықт. - Алматы: Эпиграф, 2017. - 164 бет.

126. Серғазы Л.А.

М.Әуезовтің "Хан кене" трагедиясының тарихилығы: монография / Л.А. Серғазы. - Алматы: ССК, 2017. - 120 бет.

2018

127. Аманаты Алаштың: балаларға арналған энциклопедия / автор-құраст: Т.Қ. Шаңбай. - Алматы: Алаштаным, 2018. - 248 бет.

128. Мұсаев А.М.

Қазақ драматургиясы: Оқу құралы / А.М. Мұсаев. - Алматы: Эверо, 2018. - 180 бет.

2019

129. Кушкимбаева А.С.

Мұхтар Әуезовтің тілдік тұлғасы: (Драмалық шығармалары негізінде) / А.С. Кушкимбаева. - Ақтөбе: АӨМУ БО, 2019. - 204 бет.

2020

130. Ердембеков Б.

Абай мектебі және Мұхтар Әуезов / Б. Ердембеков // Ақтөбе. - 2020. - №: 85 = 6 тамыз. - бет. 6-7.

2021

131. Кеңшілікұлы А.

Абай ақындығының алтын бастауы / А. Кеңшілікұлы // Егемен Қазақстан. - 2021. - №: 4 = 7 қаңтар. - бет. 10.

2022

132. Анаш Д.

Мұхтар мен Қайым / Д. Анаш // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 189 = 4 қазан. - бет. 1,4.

133. Ақыш Н.

Мұханның "Оқулығы" мен "Жеткіншегі" / Н. Ақыш // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 66 = 8 сәуір. - бет. 11.

134. Әлпейісов Ә.

Кемеңгер Әуезов тағылымы / Ә. Әлпейісов // Ақиқат. - 2022. - №: 5 = мамыр. - бет. 26-40.

135. Әлпейісов Ә.

Кемеңгер Әуезов тағылымы / Ә. Әлпейісов // Ақиқат. - 2022. - №: 6 = маусым. - бет. 69-75.

136. Әуезов М.

Ахаңның елу жылдық тойы / М. Әуезов // Егемен Қазақстан. - 2022. - №: 39 = 25 ақпан. - бет. 4.

137. Ешенқұлов Т.

Әуезовтің әуезді үні / Т. Ешенқұлов // Қазақ әдебиеті. - 2022. - №: 31 = 12 тамыз. - бет. 19.

138. Жүнісбеков Б.

Әуезов көрген шырғалаң немесе еңлік-кебектің жазығы не? / Б. Жүнісбеков // Ана тілі. - 2022. - №: 15 = 14-20 сәуір. - бет. 7.

139. Жұмат-Әлмашұлы Ж.

Мұхтар Әуезов және Абай сатирасы / Ж. Жұмат-Әлмашұлы // Ақиқат. - 2022. - №: 7 = шілде. - бет. 64-69.

140. Қиықбай Қ.

Мұхтар ашқан Абай музей" / Қ. Қиықбай // Ана тілі. - 2022.
- №: 11-12 = 17-30 наурыз. - бет. 6.

141. Матыжанов К.

Әлемнің Әуезові / К. Матыжанов // Егемен Қазақстан. -
2022. - №: 185 = 28 қыркүйек. - бет. 10.

142. Сұлтанов Ө.

Ақсақал айтқан ақиқат / Ө. Сұлтанов // Ана тілі. - 2022. - №:
19 = бет, 12-18. - бет. 4.

143. Тайжанов А.

Мухтар Ауезов и народная педагогика / А. Тайжанов // Актюбинский вестник. - 2022. - №: 114 = 27 сентября. - стр.
3.

144. Тайжанов А.

Мұхтар Әуезовті тану - ұлтты тану / А. Тайжанов // Үш
таған. - 2022. - №: 9 = қыркүйек. - бет. 20-25.

145. Ысқақ Д.

Мұхтар Әуезовтің аударма өнері / Д. Ысқақ // Егемен
Қазақстан. - 2022. - №: 197 = 14 қазан. - бет. 26.

146. Шулембаева Р.

Писатель и его книги / Р. Шулембаева // Казахстанская
правда. – 2022. - №: 64 = 6 апреля. - стр. 9.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	<i>4</i>
<i>Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы</i>	<i>5</i>
<i>Мұхтар шығармаларындағы нақыл сөздер</i>	<i>7</i>
<i>М. Әуезов туралы орамды ойлар</i>	<i>10</i>
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	<i>14</i>